

**Кімге:** Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне

**Автордың аты-жөні және лауазымы:** Юсупов Алмаз Асқарұлы,  
бөлім басшысы

**Күні:** 11.10.2024 жыл

**Тақырыбы:** Абай облысындағы демография мәселесі.

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

Демография-бұл адам популяциясын, оның құрылымын, динамикасын және әртүрлі аумақтарға таралуын зерттейтін ғылым. Ол туу, өлім, көші-қон және жас-жыныстық құрылым сияқты аспектілерді қамтиды және осы факторлардың қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық процестерге қалай әсер ететінін талдайды.

Демография – кез келген мемлекет үшін маңызды мәселе. Өйткені қай мемлекеттің де дамуына халық саны ықпал етеді. Адам саны мен сапасын аймақтық және Ұлттық деңгейде бағалау қазіргі мемлекеттік басқарудың маңызды элементтерінің бірі болып табылады.

Сондықтан осы мәселелерге мемлекет көз жұмып, елемей қоя алмайды. Ол әлде халық санының өсуіне жағдай тудырады немесе оны қандай да бір жолдармен шектейді, әлде бұл мәселеге нақтылы араласпай, оның табиғи жолмен реттелуін бақылайды.

Халықтың кетуі және жоғары білікті мамандар ағынының болмауы қандайда бір аумақтың тұрақты дамуына кедергі болуы мүмкін. Сонымен қатар, әлеуметтік даму саласында қандайда бір шешімдер қабылдау үшін және басқа мемлекеттің функцияларын орындау үшін негіз болып табылады.

Жастар сапалы денсаулық сақтаумен, біліммен және лайықты жұмысқа орналасу мүмкіндіктерімен қамтамасыз етілсе, технологиялық инновациялар мен әлеуметтік түрлендірулерге үлестерін қосады.

Еліміздегі демография картасы біркелкі дамымаған. Солтүстік, Шығыс аймақтарында қоныс аударып жатқан адамдар саны артып жатса, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және оңтүстік аймақтарда керісінше көшіп келушілердің саны артуда.

Оның себептері кірістер мен мүмкіндіктердің теңсіздігіне өзара байланысты.

Халықтың кетуі аймақтың инфрақұрылымына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Бұл әсердің негізгі аспектілеріне мыналар жатады:

1. Қаржыландырудың төмендеуі: тұрғындардың аз болуы салық түсімдерінің төмендеуіне әкеледі, бұл инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруды және қолданыстағы нысандарға қызмет көрсетуді қиындатады.

2. Мекемелердің жабылуы: халық саны азайған кезде мектептер, медициналық мекемелер мен дүкендер жабылуы мүмкін, бұл қызметтердің қолжетімділігін нашарлатады.

3. Инфрақұрылымның жай-күйі: қолдау көрсетілмейтін Инфрақұрылым (жолдар, көпірлер, коммуналдық желілер), егер оны қолдауға және жаңартуға қаражат жеткіліксіз болса, оны жоюға болады.

4. Қажеттіліктердің өзгеруі: демографиялық құрылымның өзгеруімен инфрақұрылымға жаңа қажеттіліктер туындауы мүмкін, мысалы, қарттарға арналған тұрғын үй немесе жастарға арналған инфрақұрылым, бұл бейімделуді қажет етеді.

5. Әлеуметтік өзгерістер: халықтың кетуі әлеуметтік құрылымның өзгеруіне әкелуі мүмкін, бұл инфрақұрылымдық жобаларды таңдау мен дамытуға да әсер етеді.

6. Жұмыс күшін жоғалту: бұл білікті кадрлардың жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін, бұл инфрақұрылымдық нысандарды іске асыруды және қолдауды қиындатады.

Осылайша, халықтың кетуі инфрақұрылым үшін күрделі проблемалар туғызады және нақты және ұзақ мерзімді басқару стратегиясын қажет етеді.

Абай облысының құрамы 10 аудан, 2 облыстық маңызы бар қала (Семей қ., Курчатов қ.) кіреді.

Елді мекендер саны – 331, оның ішінде: 2 облыстық маңызы бар қала (Семей, Курчатов), 2 аудандық маңызы бар қала (Шар, Аягөз), 2 кент (Шүлбі және Шаған), 325 ауылдық елді мекен (135 ауылдық округ).

Облыста даму әлеуеті жоғары 155 ауыл бар (60 тірек, 95 спутниктік), онда ауыл халқының 81,4% - ы (191,3 мың адам) тұрады.

2024 жылдың 1 қаңтардағы статистикалық деректерге сәйкес облыс халқының саны 607,5 мың адамды құрады. Оның ішінде қала тұрғындары - 61,3% (372,5 мың адам), ауыл тұрғындары - 38,7% (235,0 мың адам).

Статистика жалпы облыста халық санының 2,6 мыңға азайғанын көрсетеді, оның ішінде табиғи өсім 4,5 мың адам, теріс көші-қон сальдосы 7,1 мың адам.

Облыста 2023 жылы туғандардың саны 9 930 адамды, өлгендер – 5 398 адамды құрады. Табиғи өсім – 4 532 адам.

Облысқа 19 965 адам қоныс аударып келген, ал 27 106 адам қоныс аударып кеткен. Көші-қон айырылымы 7 141 адамға азайған. Оның 4 711 еңбекке қабілетті жастағы халық.

Айта кету керек, 94,5% ол ішкі көші-қон, негізінен Астана мен Алматы қалаларына.

Сыртқы көші-қонның үлесі 5,5% құрады, яғни республикадан тыс жерге 561 адам кеткен, оның ішінде Ресей Федерациясына - 511, Германияға - 24, АҚШ - 10 адам.

Ұлты бойынша қоныс аударғандардың 83,7% немесе 5 979 адам қазақ және 9,6% немесе 689 адам орыстар.

Төмендегі кестеде көріп отырғанымыздай облыстың құрылымында халық санының теріс сальдосы Семей қаласынан басқа барлық аудандармен қалаларда байқалады.

	2023 жылдың басына саны	Халықтың жалпы өсімі	Оның ішінде		2024 жылғы 1 қаңтарға, саны
			Табиғи өсім	Көші-қон айырымы	
Абай облысы	610 198	-2 642	4 499	-7 141	607 556
Семей қалалық әкімшілігі	328 787	2 049	2 410	-361	330 836
Курчатов қалалық әкімшілігі	10 458	-110	78	-188	10 348
Абай ауданы	14 052	-234	89	-323	13 818
Ақсуат ауданы	19 734	-407	205	-612	19 327
Аягөз ауданы	66 240	-813	821	-1 634	65 427
Бесқарағай ауданы	17 865	-253	29	-282	17 612
Бородулиха ауданы	33 239	-595	-13	-582	32 644
Жарма ауданы	36 525	-876	272	-1 148	35 649
Көкпекті ауданы	13 635	-223	96	-319	13 412
Үржар ауданы	69 663	-1 180	512	-1 692	68 483

Абай облысының барлық аудандары мен қалаларында халықтың табиғи өсімі байқалады. 2022 жылмен салыстырғанда ең көп өсім Семей қаласында байқалады (2,3 мың адам). Тек Бородулиха ауданында ғана қайтыс болғандардың саны туғандардан 13-ке артық.

Алайда, Абай облысының барлық аудандары мен қалаларында халықтың көші – қонның кемуі қалыптасты, ал облысқа келгендер мен одан кеткендер арасындағы ең үлкен айырмашылық Үржар ауданында – 1,7 мыңға жуық адам, сондай-ақ Жарма ауданында – 1,1 мың адам. Негізінен ауыл халқы қоныс аударады.

2023 жылы ауылдан кеткендер мен көшіп келгендер арасындағы айырмашылық 5,8 мыңнан астам адамды құрады. Соның салдарынан

бүкіл Абай облысының тұрғындарының жалпы санының және ауыл тұрғындарының санының төмендеуі байқалды.

Облыста 4 шекаралас аудан бар: Бесқарағай, Бородулиха, Ақсуат және Мақаншы.


Жалпы облыста 35 мыңға жуық адам тұратын көршілес елдердің шекарасынан 50 шақырым қашықтықта орналасқан 42 ауылдық елді мекен бар. Ішкі көші-қонның негізгі себептері жұмыс іздеу, тұрмыс жағдайын жақсарту және өмір салтын өзгерту болып табылады.

**Анықтама:**

2023 жылдың қорытындысы бойынша облыстың орташа жалақысы 299 142 теңгені құрады, ол Республиканың орташа жалақысынан 65,2 мың теңгеге аз. Халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табыстары 159 097 теңге, 20 облыстың ішінде 14 орында.

Болжам бойынша демографиялық жағдай ары қарай қазіргі қарқынмен жалғасатын болса 2034 жылға қарай адам саны 581,1 мың адамға дейін (-21 мың адам) төмендеуі мүмкін.

**АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ**



Бұл мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасы бекітілді. Онда ауыл тұрғындарының табысы мен өмір сүру сапасын арттыру үшін түрлі шаралар қарастырылған.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту арқылы қолайлы ауыл ортасын қалыптастыру.

Осымен қатар шекаралас ауылдық елді мекендерді дамытуға ерекше көңіл бөлінуде.

Бұл Үкімет тарапынан шаралар қабылданып жатқанын көрсетіп отыр, бірақ, көші-қон процесін тоқтату үшін жеткіліксіз екенін көріп отырмыз.

**Ұсынымдар:**

Бекітілген жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларына келесідей өзгерістерді енгізу:

- әрбір отбасының мүшесіне бір рет берілетін көшу шығыстарын 100 АЕК мөлшеріне дейін көтеру;

- тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу мерзімін 12 айдан 24 айға дейін созу;

Бұдан басқа облыстың инфрақұрылымының орташа республикалық деңгейіне дейін жеткізу үшін қажетті нысандардың тізімін жасай отырып 5 жылға жол картасын әзірлеу

Мектептерде өзінің туып өскен өңіріне дамытуға үлестерін қосу, патриотизм құндылықтарын дәріптеу сабағын енгізу.

## Пайдаланылған материалдар тізімі:

1. <https://stat.gov.kz/ru/region/abay/spreadsheets/?industry=38&year=2023&name=12918&period=&type=>
2. <https://stat.gov.kz/ru/region/abay/spreadsheets/?industry=38&year=2023&name=10723&period=&type=>
3. <https://stat.gov.kz/ru/region/abay/spreadsheets/?industry=38&year=2023&name=10704&period=&type=>
4. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900018592>
5. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032880>